

6D010900 – «Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Жумалиева Ляззат Дауренбаевнаның «Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Елбасымыз Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауында «...бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Балаларымыздың, жалпы барлық ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көніл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. Бізге оқыту әдістемелерін жаңғырту керек болады» деп тұжырымдады. Ендеше, заманауи білім беру жүйесін құруда оқыту әдістемесін жетілдіру қажеттілігі негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Орта білім беру жүйесінде математиканы оқыту оқушылардың танымдық қабілеттері мен логикалық ойлауын дамытумен және практикалық жағдайларда қолдануға қажетті математикалық білім мен біліктілік жүйесін менгертумен ерекше орын алады. Математиканы оқыту процесінде есептер негізгі ұғымдар мен әдістерді, теорияны менгеру, функционалдық сауаттылықты дамыту құралы ретінде негізгі міндеттерді атқарады. Математикалық есептерді шығаруды оқытуды жүйелі ұйымдастыру оқушылардың ойлауы мен математикалық мәдениетін дамытуға, сондай-ақ математиканың практикалық қолдану білігі мен дағдыларын қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді.

Қазіргі уақытта орта мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқушыларға математикалық есептерді шығаруды оқытып-үйретудің педагогикалық теориясы мен практикасын одан әрі дамыту, оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру әдістері мен тәсілдерін жүйелі жасау қажетті болып отыр. Осылан орай, Л.Д.Жумалиеваның «Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі заман талаптарына сәйкес оқушыларға есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздерін жетілдіруде, яғни оқушылардың математикадан есептерді, оның ішінде мәтінді, стандафтты емес және қындығы жоғары есептерді шығару білігін дамытуда көкейкесті мәселелеге арналған.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Докторант зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында бірнеше нәтижелерге қол жеткізген:

- математиканы оқытуда оқушылардың оқу нәтижесі, ойлауын

дамыту құралы және оқыту мен тәрбиелеу пәні ретінде есептердің рөлі мен маңыздылығы, білім берудегі функциялары, классификациясы айқындалған, «есеп» және «есепті шығару» ұғымдарының мәні ашылған;

- математика сабағында есептерді шығаруға үйретуге арналған оқушылардың оқу іс-әрекетін үйимдастырудың әдістері, деңгейлік есептер жүйесін құрастырудың принциптері және оларды шығару тәсілдері нақтыланған;

- негізгі мектеп оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға бағытталған алгебра курсындағы мәтінді және стандартты емес есептерді шығаруды оқытудың әдістемесі жасалған және оның тиімділігі эксперимент жүзінде тексерілген және республикалық деңгейде оқу процесіне енгізілген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі

Диссертацияның әрбір нәтижесі тұжырымдармен негізделіп, нақтылы түрде берілген. Зерттеушінің қол жеткізген нәтижелерінің жаңалығы ғылыми жұмысты баяндау барысында ашылып, нақтылы көрсетілген:

Бірінші нәтиженің негізделуі мен шынайылығы ғылыми-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, философиялық әдебиеттерге талдаулар жасау арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамыту құралы ретінде математикалық есептердің рөлі мен маңыздылығы, функциялары, классификациясы айқындалумен, «есеп», «есепті шығару» ұғымдарының сипаттауымен қамтамасыз етіледі.

Екінші нәтиженің негізделуі мен шынайылығы математикалық есептерді шығаруға оқытудың теориясы мен практикасын зерделеу негізінде оқушыларды математикалық есептерді шығаруға оқытуды үйимдастыруға арналған есеп шығару жүйесінің құрылымы, кезеңдері, деңгейлік есептер жүйесін құрастырудың әдістемелік ерекшеліктері, шығару тәсілдері көрсетілуімен дәлелденеді.

Үшінші нәтиженің негізделуі мен шынайылығы негізгі мектеп алгебра курсының білім беру мазмұнына сәйкес мәтінді және стандартты емес есептерді шығаруды оқыту әдістемесінің жасалуымен және оның тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденуімен, қоргауга ұсынылатын негізгі қағидалардың дәйектілігімен расталады.

Л.Д.Жумалиеваның зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары олардың шынайылық және негізделу деңгейіне қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келеді.

4. Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

Ғылыми зерттеу негізінде алынған әрбір нәтижеде, тұжырымдар мен қорытындыларда жаңалықтар бар.

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі – зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және математикалық еңбектерге талдаулар жасау арқылы мектеп математикалық есептерін

шыгаруды оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері, мәселелері айқындалған.

Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі –оқушылардың математикалық есептерді шыгару біліктігін қалыптастыруға бағытталған оқу іс-әрекетін үйымдастыру әдістері, есепті шыгару кезендері талданып, деңгейлік есептер жүйесінің әдістемелік ерекшеліктері және оларды шыгаруға үйрету тәсілдері тұжырымдалған.

Үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесі –алгебра курсының білім беру мазмұнына сәйкес мәтінді және стандартты емес есептердің жүйесі көрсетіліп, оларды шыгаруды оқытудың әдістемесі жасалған және оның тиімділігі эксперимент жүзінде дәленденген, республика қолемінде оқу процесіне енгізілген, нәтижелері қорғауға ұсынылатын қағидалардың дұрыстығын растайды.

5. Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Жумалиева Ляззат Дауренбаевнаның диссертациялық жұмысы орта мектепте оқушыларды математикалық есептерді шыгаруға оқытып-үйретудің теориясы мен практикасын, әдістемелерін саралаумен, оқушылардың оқу іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған деңгейлік есептер жүйесін және оларды шыгаруға үйретудің тәсілдерін берумен, алгебра курсында мәтінді және стандартты емес есептерді шыгаруды оқытудың әдістемесін әзірлеумен және оларды оқу процесіне енгізілуімен сипатталады.

Диссертациядағы әдістемелік материалдарды мектептерде математиканы оқыту процесінде оқушыларды есептерді шыгаруға үйретуде және жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерін даярлауда тиімді пайдалануға болады.

6. Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуінде келесідей кемшіліктер жіберілген:

1. Диссертацияда алгебра курсының келесі тақырыптарынан да есептерді қарастырганда жұмыстың құндылығы арта түсер еді: теңсіздіктер және олардың жүйелері, параметрі бар теңдеулер мен теңсіздіктер, мәтінді есептерді геометриялық әдіспен шыгару.

2. Диссертациядағы кейбір есептердің шешімдеріндегі сыйбаларды арнайы компьютерлік программалармен салған дұрыс болар еді (мысалы, 9, 10-суреттер).

3. Диссертациялық жұмыстың мазмұнында мәтінді емделік және техникалық қателіктер кездеседі.

Аталған кемшіліктер зерттеу жұмысы нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығын төмендетпейді.


7. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының» талаптарына сәйкестігі.

Автор алдына қойған міндеттерінің шешімін таба білген. Ұсынылып

отырған жұмыста бүгінгі күннің талабына сәйкес теориялық және практикалық мәні жоғары мәселе шешімін тапқан.

«Орта мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыс гылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс деп, ал оның авторы Л.Д.Жумалиева 6D010900 – Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
профессоры, педагогика
ғылымдарының докторы**



Мұбараков А.М.

